

М.Қ. Қамысбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАЛАРЫ МЕН АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация Мақалада Қазақстан республикасы ауыл шаруашылығы салаларының жағдайы мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламалары қарастырылған. 2008-2010 жылдар аралығында аграрлық сектордың статистикалық мәліметтеріне талдау жүргізілген. Қазақстан республикасы аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексінің деңгейіне талдау жасалған. Астық саласын ұйымдастыру мен құрылымдау бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесі келтірілген.

Кілт сөздер: аграрлық сектор, нақты көлем индексі, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, салалық бағдарлама, өңірдің жалпы өнім көлемі, мал шаруашылығы.

Кіріспе Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Азық-түлікке деген қажеттілік әлемде жыл сайын өсе беретін болады. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды. Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге және инновациялар енгізу үшін жоғары әлеуетке ие» деп айтылған [1]. Осы тұрғыда агроөнеркәсіптік өндірісті дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі ерекше ақым алады, ол өз кезегінде пайдаланушы және туындаушы реттеу көздерін әрі қарай жүйелендіру мен нақтыландыруды, аграрлық секторды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

Еліміздің экономикалық белсенді тұрғындарының үштен бірі аграрлық салада еңбек етеді. Мемлекетіміздің ішкі жалпы өнімінің 5,3 пайызы аграрлық сектордың үлесіне тиесілі. Ендеше, АӨК дамыту қоғамымыздағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне, экономикамыздың барлық саласының жағдайына шешуші дәрежеде ықпал етеді.

Статистикалық деректер бойынша 2010 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлем индексі (НКИ) 88,3% құрады. Төмендеу 2009 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығының өнім өндірісінің 22,7% азаюмен түсіндіріледі.

2009 жылмен салыстырғанда қалыптасқан нақты көлем индексіне ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызметтер) үлесінің 17,5% құрайтын астықты жалпы жинаудың азаюы едәуір дәрежеде ықпал етті (1 сурет).

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) НКИ серпіні 2010 жылғы ауа-райының қолайсыз жағдайлары картопты (2009 жылмен салыстырғанда 7,3% кеміген), жеміс-жидектерді (тиісінше 6,2%), темекіні (61,6%) жинау көлемдеріне де теріс әсерін тигізді, бұл сондай-ақ сала өнімінің нақты көлем индексінің қалыптасуына ықпал тигізген [2].

Мал шаруашылығы саласында өнім өндірудің өсімі оң тенденциясын сақтауда, былайша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) үштен бір бөлігін құрайтын етті өндіру көлемі 3% өсті. Сондай-ақ 2009 жылдың деңгейімен салыстырғанда оң факторлардың қатарында сиыр сүтін және тауық жұмыртқасын өндірудің ұлғаюын атап өтуге болады.



өткен жылға
пайызбен

1 сурет - ҚР ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлем индексі

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі (қызметтері) көлемінің кемуі республика өңірлерінің басым көпшілігінде, ең көбі – Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарында белгіленді (1-кесте).

1-кесте. ҚР аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ (2009 жылға пайызбен)

	Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) НКИ		
	барлығы	өсімдік шаруашылығы	мал шаруашылығы
Қазақстан Республикасы	88,3	77,3	102,9
Ақмола	60,7	46,8	99,9
Ақтөбе	95,7	83,6	105,4
Алматы	102,4	98,8	106,6
Атырау	99,7	94,4	101,6
Батыс Қазақстан	98,3	93,3	101,4
Жамбыл	98,6	94,6	102,8
Қарағанды	93,0	85,7	98,1
Қостанай	81,1	66,7	100,9
Қызылорда	107,5	110,5	100,8
Маңғыстау	101,7	109,6	100,4
Оңтүстік Қазақстан	105,9	109,7	102,5
Павлодар	78,7	61,1	101,9
Солтүстік Қазақстан	76,7	67,7	105,3
Шығыс Қазақстан	96,1	87,8	103,3
Ескертпе : ҚР 2010 ж. статистика жинағы			

Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлем индексінің төмен деңгейі Ақмола облысында 2009 жылмен салыстырғанда өңірдің жалпы өнім көлеміндегі үлесі 34,7% құрайтын дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 2 есе азаюы есебінен қалыптасқан. Сондай-ақ, НКИ-не етті өндіру көлемінің 4,5%-ға (облыстың жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы - 24,6%) азаюы ықпалын тигізді.

Солтүстік Қазақстан облысында өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар 33,6%-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 43,3%), картоп – 41,8%-ға (тиісінше, 7,3%), көкөніс – 15,1%-ға (3,3%) аз жиналды.

Павлодар облысында ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің азаюы 2009 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 71,9%-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы 2009 жылы 28,4%-ға қарсы – 5,7%), майлы дақылдарды 2 есе (ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлесі – 2,8%), картопты – 0,8%-ға (тиісінше, 14%) төмендеуімен түсіндіріледі.

Қостанай облысында НКИ-не дәнді дақылдардың – 38,1%, картоптың – 2,5% және көкөністердің – 2,8% түсімін жинаудың азаюы едәуір ықпалын тигізді, ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің облыстық көлеміндегі үлестері, тиісінше, 34,6%, 4,1%, және 1,6% құрады.

Қызылорда облысында НКИ-не өңірдің жалпы өнім құрылымындағы үлес салмағы 35% құраған күрішті жалпы жинаудың 21,9% ұлғаюы оң ықпалын тигізді. Картопты – 2,3%-ға (жалпы өнім құрылымындағы үлесі – 12,1%), ет – 2,3%-ға (тиісінше, 16,8%), сүт өндіру – 1,1%-ға (10,5%) өсті.

Көкөністерді жалпы жинаудың 40,3%-ға ұлғаюы Оңтүстік Қазақстан облысының НКИ негізгі ықпалын тигізді, өйткені осы өнім түрінің өңірдің өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 16,4%-ды құрады. Ет өндіру 1,9%-ға өсті (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 26,1%).

ҚР негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының егістік көлеміне келетін болсақ, елімізде негізінен дәнді дақылдар егіледі және олар барлық егістік алқаптардың 92 пайызын құрайды. 2003-2009 жылдар аралығында ҚР дәнді дақылдар егістігі 13872,6 мың гектардан, 17206,9 мың гектарға дейін өскен.

Қазақстанның, Әзербайжанның, Иранның, Латвияның порттарында салынған және істеп тұрған астық терминалдары Түркіменстан арқылы Иранға Қытай бағытындағы темір жол құрылысы аяқталды. Бұл астық пен ұн экспортын Түркіменстан, Иран, Таяу Шығыс елдеріне, Қытай және оның аумағы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ұлғайтуға мүмкіндік береді. Елбасы мал шаруашылығын дамытуға да баса назар аударды. АӨК 2014 жылға дейін дамытудың салалық бағдарламасына жемазық дақылдары егіс алаңдарын кеңейту бойынша шаралар қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда. Шалғайдағы мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын қалпына келтіру және дамытужоспарлануда. Бірінші кезеңде шахталық және дөңгелек құдықтар қалпына келтірілетін болады, екіншісінде жайылымдарды жақсарту жүргізілетін болады.

Ауыл шаруашылығында агроөнеркәсіп кешенді 2014 жылға дейін дамыту жөніндегі салалық бағдарлама жүзеге асырылуда:

- ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 27% ұлғайды және 2 трлн. теңгеден асып түсті;
- еңбек өнімділігі 1 адамға 6,8 мың доллар болды;
- орташа айлық жалақы 40 мың теңгеден асты.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілігі бағамы бойынша, «Аграрлық саясаттың ауыртпалығы» көрсеткіші жөнінен 2011 жылы Қазақстан 13 пунктке көтеріліп, 49-шы орын алды. Іс жүзінде азық-түліктің барлық түрі бойынша ішкі рыноктың сұранысы қанағаттандырылды. Осындай бағыттар бойынша 28 жоба енгізілді:

- тауарлы-сүт фермаларын, бордақылау алаңдары мен құс фабрикалары желісін дамыту;
- ет өңдеу кешендерінің, астық және көкөніс сақтау қоймаларының құрылысы, ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру;

- астықты тереңдетіп өңдеу;
- биязы жүн өңдеу, тамшылатып суару жүйелері мен астық экспорты инфрақұрылымдарын дамыту.

Аталған жобалардың арқасында 1218-ден астам жаңа жұмыс орындары құрылды. 2011 жылдың басына қарай Қазақстанда 193540 ауыл шаруашылығы құрылымдары жұмыс істеді. 2011 жылдың III тоқсанында ауыл шаруашылығында 2,2 млн. адам жұмыс істеді.

2012 жылы АӨК дамытуға 221,7 млрд. теңге бөлініп отыр, оның ішінде:

- өсімдік шаруашылығына 36,9 млрд. теңге (62,8% ұлғайған);
- мал шаруашылығына 29,8 млрд. теңге (11% ұлғайған).

2012 жылғы Жолдауға сәйкес аталған өлшемдер бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Қаржылық институттар алдындағы міндеттемелерді кепілдендіретін өңірлік қорлар құру болжануда.

Аталған тетік мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- кредиторлар тарапынан займшыларға талаптар деңгейін төмендету;
- өңірлердің ресурстар тартуға экономикалық себепкерлігі мен қызығушылығын арттыру;

- қаржы мекемелерінің АӨК кредиттеу мен инвестициялауға қызығушылығын жоғарылату;

- 2013-2015 жылдар бюджетінде көлемі 1 мың га болатын ұсақ және орта ауыл шаруашылығы құрылымдарына кепілдендірілген займ қаржы қарастыру жоспарланған.

Астық саласын ұйымдастыру мен құрылымдау саласында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. 2013 жылдан астық өндіруге бөлінетін субсидияларды мыналарға қайта бағдарлау қарастырылады:

- лизингтік бағдарламаларды арзандату;
- ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кредиттеуді кепілдендіру;
- маусымдық жұмыстар жүргізу;
- ауылшаруашылық өнімдерін кепілді сатып алу.

Астық таситын вагондар тапшылығы проблемаларын шешу үшін:

- қазақстандық және ресейлік тараптардың қатысуымен астық тасу бойынша бірлескен көлік компанияларын құру мәселесі қарастырылуда;

- өзіміздің астық таситын вагондарды шығаруды ұлғайту бойынша шаралар қабылдануда.

Мал шаруашылығының экспорттық мүмкіндіктері ұлғаюда:

- 2011 жылдан АӨК-те мүйізді ірі қара мал етін өндіру бойынша экспорттық әлеуетті дамыту жөнінен кең ауқымды жоба жүзеге асырыла бастады;

- асыл тұқымды мал өсіруді халықаралық талаптарға сәйкес келтіруі тиіс заң қабылданды;

- 17,7 мың бордақы-орынға арналған бордақылау алаңдары құрылысы қаржыландырылды

- Ет бағытындағы 13,5 мың бас мүйізді ірі қара мал әкелінді

Республикада етті мүйізді ірі қара мал бағасының индекстік жүйесін енгізу, асыл тұқымды мал өсіру бойынша бірқатар функцияларды бере отырып, қоғамдық бірлестіктер құру, мал шаруашылығы қожалықтарында селекциялы-асыл тұқымды жұмыстар жүргізу жөніндегі шығындарды субсидиялау қарастырылады.

Жоғарыда аталған бағдарламалар негізінде агрөнеркәсіп кешені үдемелі даму жолына түсуде. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімі артып, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, ауыл халқының әл-ауқаты арта түседі.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012.

2 Қазақстан Республикасының статистика жинағы, Астана, 2011.

СОСТОЯНИЕ ОТРАСЛЕЙ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА И ПРОГРАММ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

М.К. Камысбаев

В статье рассмотрено состояние отраслей сельского хозяйства Казахстана и программ развития агропромышленного комплекса. Проведен анализ статистических данных аграрного сектора. Рассмотрены основные государственные программы развития агропромышленного комплекса Казахстана.

CONDITION OF BRANCHES OF AGRICULTURE OF KAZAKHSTAN AND PROGRAMS OF DEVELOPMENT OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

M.K. Kamysbayev

In article the condition of branches of agriculture of Kazakhstan and programs of development of agro-industrial complex is considered. The analysis of statistical data of agrarian sector is carried out. The main state programs of development of agro-industrial complex of Kazakhstan are considered.

ӘОЖ 631.10.10

М.Қ. Қамысбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация Қазіргі ауылшаруашылық мекемелерінің қаржылық жағдайы мемлекет тарапынан көмекті қажет етеді. Осыған байланысты ауылшаруашылық мекемелерін несиелеу және салық салу мәселелерін қарастыру, АӨК қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері туындайды. Осы тұрғыда агроөнеркәсіптік өндірісті реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі ерекше ауқым алады, ол өз кезегінде аграрлық секторға қаржы түсірудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіп кешені, қаржылық тұрақтылық, мемлекеттік бағдарлама, жалпы шығындар, республикалық бюджет, жергілікті бюджет.

Кіріспе Қазіргі жағдайда мемлекеттің қабылдаған шаралары аграрлық нарықтың негізгі субъектілері арасындағы экономикалық қатынасты реттеу жүйесінің тиімділігін көрсетпейді. Сонымен қатар осы тақырып бойынша зерттеу ауқымдығы аймақтық АӨК тиімділігі мен тұрақтылығын тиімді көтеру жолдарын ерекше